

"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 820 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы

Осы Заң жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және қорғау мақсатында олардың өтініштерін беру мен қарауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арыз - тұлғаның өз құқықтары мен бостандықтарын немесе басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда жәрдем көрсету туралы өтініші не заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің бұзылуы, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және лауазымды тұлғалардың жұмысындағы кемшіліктер туралы хабарлама не аталған органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметін сынау;

2) иесі бүркемеленген өтініш - оның авторын белгілеу мүмкін емес, қол қойылмаған не арыз берушінің тұрғылықты немесе орналасқан жері көрсетілмеген өтініш;

3) қайта жасалған өтініш - бір тұлғадан бір мәселе бойынша кемінде екі рет келіп т ұ с к е н :

уәкілетті органға келіп түскен алдыңғы өтініш бойынша қабылданған шешімге ш а ғ ы м ж а с а л ғ а н ;

бұрын жіберілген өтініш келіп түскен уақыттан бастап заңнамада белгіленген қарау мерзімі өтіп кетсе, алайда арыз беруші жауап алмаған болса, оның уақтылы қаралмауы т у р а л ы х а б а р л а н ғ а н ;

алдыңғы өтінішті қарау және ол бойынша шешім қабылдау кезінде жіберілген басқа да кемшіліктер көрсетілген өтініш;

4) өтініш - уәкілетті органға немесе лауазымды тұлғаға жіберілген жеке немесе ұжымдық жазбаша ұсыныс, арыз, шағым немесе сұрау, сондай-ақ ауызша өтініш;

5) өтінішті есепке алу - өтінішті қабылдау және қарау жөніндегі мәліметтерді тіркеу және оларды мемлекеттік құқықтық статистикалық есепте көрсету;

6) өтінішті қабылдау - уәкілетті органның, лауазымды тұлғаның жеке және заңды тұлғалардың өтінішін қабылдаудағы іс-қимылы;

7) өтінішті қарау - уәкілетті органның, лауазымды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыретінің шегінде тіркелген өтініш бойынша шешім қабылдауы;

8) өтінішті тіркеу - ақпараттық есепке алу құжатында өтініштің мазмұны жөніндегі қысқаша деректерді тіркеу және келіп түскен әрбір өтінішке тіркеу нөмірін беру;

9) сұрау - тұлғаның жеке немесе қоғамдық сипаттағы қызығушылық тудыратын мәселелер жөнінде ақпарат беру туралы өтініші;

10) уәкілетті органдар - мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі жүз пайызды құрайтын не мемлекеттік тапсырыс және/немесе мемлекеттік сатып алу шарттарына сәйкес қызметтерді, тауарлар мен жұмыстарды ұсынатын, өздерінің құқықтық мәртебесін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттеріне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға құқылы заңды тұлғалар;

11) ұжымдық өтініш - екі және одан көп жеке және/немесе заңды тұлғалардың өтініші;

12) ұсыныс - тұлғаның заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, органдардың қызметін жетілдіру, қоғамдық қатынастарды дамыту, мемлекет пен қоғамның әлеуметтік-экономикалық және өзге де қызмет салаларын жақсарту жөніндегі ұсынымы;

13) пікір - тұлғалар сол арқылы мемлекет жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатқа, сондай-ақ қоғамдық сипаттағы оқиғалар мен құбылыстарға өз көзқарасын білдіретін өтініш түрі;

14) шағым - тұлғаның өзінің бұзылған құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін не басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы талабы.

2-бап. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнама

1. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда белгіленгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заңның жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі әрекеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі жүз пайызды құрайтын не мемлекеттік тапсырыс және/немесе мемлекеттік сатып алу шарттарына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ұсынатын заңды тұлғаларға қолданылады.

2. Осы Заңның әрекеті қарау тәртібі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық, қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қолданылмайды.

4-бап. Осы Заңның қағидаттары

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға байланысты құқықтық қатынастарды реттеудің негізгі қағидаттары:

з а ң д ы л ы қ ;

өтініштерге қойылатын талаптардың бірыңғайлығы;

жеке және заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына кепілдік беру;

өтініштерді қарау кезінде төрешілдік көріністері мен әуре-сарсаңға жол бермеу;

жеке және заңды тұлғалардың теңдігі;

өтініштерді қарау кезіндегі уәкілетті органдар мен лауазымды тұлғалар қызметінің ашықтығы болып табылады.

5-бап. Қарауға жатпайтын өтініштер

1. Мыналар қарауға жатпайды:

1) мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қауіп туралы мәліметтер қамтылған және олардың құзыреттеріне сәйкес мемлекеттік органдарға дереу жіберілуге тиіс жағдайларды қоспағанда, иесі бүркемеленген өтініштер;

2) мәселенің мәні баяндалмаған өтініштер;

3) егер алдыңғы өтінішті тексеру материалдарында арыз берушінің болып жатқан оқиғаларды барабар бағалауына мүмкіндік бермейтін психикалық ауруы туралы айғақтайтын құжат болса, қайта жасалған өтініштер;

4) егер олар қылмыстық процеске қатысушылар болып табылмайтын тұлғалардан түссе және бұрын оларға қылмыстық іс жүргізу заңнамасының ережелеріне түсінік берілген болса, қылмыстық іс материалдары жөніндегі өтініштер;

5) осы Заңның 13-бабында белгіленген мерзім өткеннен кейін бағыныстылық

немесе шешім қабылдау тәртібімен жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе уәкілетті органға берілген лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) немесе уәкілетті органдардың шешімдеріне жасалған шағым.

2. Егер өтінішті қарамай қалдыруға негіз болған жағдайлар кейіннен жойылса, уәкілетті орган немесе лауазымды тұлға көрсетілген өтінішті қайта қарауға міндетті.

6-бап. Жазбаша өтінішке қойылатын талаптар

1. Өтініш құзыретіне өтініште қойылған мәселелер кіретін уәкілетті органға немесе лауазымды тұлғаға жіберілуге тиіс.

2. Жеке тұлғаның өтінішінде оның тегі, аты, тұрғылықты (жұмысының немесе оқу орнының) мекен-жайы, заңды тұлғаның өтінішінде оның атауы, орналасқан жері, басшысының немесе оның орынбасарының қолы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шағым жасаған кезде іс-қимылына шағым жасалып отырған уәкілетті органның атауы немесе лауазымды тұлғалардың қызметі, тегі және аты-жөндері, өтініш жасау уәждері мен талаптар көрсетіледі.

3. Уәкілетті органға тікелей жазбаша өтініш жасаған арыз берушіге тіркелген күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

7-бап. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау, тіркеу және есепке алу

1. Осы Заңда белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға тиіс. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға тыйым салынды.

2. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу және есепке алу құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастырудың, қабылдаудың, тіркеудің және есепке алудың жай-күйі үшін уәкілетті органның басшылары, лауазымды тұлғалары жеке жауапты болады.

4. Өтініш жеке немесе заңды тұлғаның өкілі арқылы енгізілуі мүмкін. Өкілдікті ресімдеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Жеке және заңды тұлғалардың жалпыға ортақ пайдаланылатын ақпараттық жүйелер арқылы келіп түскен және Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес түскен өтініштері осы Заңда белгіленген тәртіппен қаралуға тиіс.

6. Өтініште қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кірмейтін уәкілетті органға келіп түскен өтініш 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, арыз берушіге ол туралы хабарлана отырып, тиісті уәкілетті органдарға жіберіледі.

8-бап. Өтінішті қарау мерзімі

1. Егер Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жеке және заңды тұлғаның өтініші уәкілетті органға, лауазымды тұлғаға келіп түскен күнінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде қаралады және ол бойынша ш е ш і м қ а б ы л д а н а д ы .

2. Өзге құзыретті органға, лауазымды тұлғаға сұрау жіберуді немесе сол жерге шығуды қажет етпейтін өтініш 15 күнтізбелік күн ішінде қаралады.

Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайда мерзім 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап үш күнтізбелік күн ішінде арыз берушіге хабарланады.

3. Өтінішті қарау мерзімін уәкілетті органның басшысы немесе мұндай мәселелерді шешуге уәкілеттік берілген тұлға ұзартады.

4. Егер өтініште баяндалған мәселелерді шешу ұзақ мерзімді талап етсе, онда өтініш түпкілікті орындалғанға дейін қосымша бақылауға қойылады, бұл туралы үш күнтізбелік күн ішінде арыз берушіге хабарланады.

9-бап. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

1. Уәкілетті органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыретінің шегінде:

1) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті, жан-жақты әрі уақтылы, қажет болған жағдайда олардың қатысуымен қарауды қамтамасыз етеді;

2) жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;

3) арыз берушілерге олардың өтініштерін тексеру нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы хабарлайды;

4) арыз берушілерге олардың өтініштері өздерінің құзыретіне сәйкес басқа уәкілетті органдарға немесе лауазымды тұлғаларға қарауға жіберілгені туралы хабарлайды.

2. Мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі жүз пайызды құрайтын заңды тұлғалар жеке және/немесе заңды тұлғалардың өтініштерін тікелей қарайтын уәкілетті органдар мен лауазымды тұлғалардың сұрауы бойынша мемлекеттік, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны қамтитындарды және олар үшін ерекше ұсыну тәртібі белгіленгендерді қоспағанда, өтініштерді қарау үшін маңызы бар актілерді, құжаттар мен басқа да материалдарды 15 күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті.

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін жүйелі түрде кемсіту, заңды бірнеше рет немесе өрескел бұзушылықтар туралы өтініштер уәкілетті орган басшының тапсырмасы бойынша сол жерге бара отырып т е к с е р і л у і м ү м к і н .

3. Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

1) өтінішті толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы;

2) мұндай шешім қабылдауды негіздей отырып, өтінішті қанағаттандырудан бас

3) өтініштің мәні бойынша түсінік беру туралы.

4. Бір тұлғаның мүддесі үшін сол бір мәселе бойынша бірнеше өтініш келіп түскен кезде бірінші өтініш негізгі өтініш ретінде тіркеледі, ал кейінгілері негізгі өтінішке қоса тіркеледі және бірінші өтініш келіп түскен күннен бастап есептелетін белгіленген мерзім шегінде оларды шешудің нәтижелері туралы авторларға хабарлана отырып, бір өтініш ретінде қаралады.

10-бап. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қарауы

Егер Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе мемлекеттік тапсырыс және/немесе мемлекеттік сатып алу шарттарына сәйкес қызметтер, тауарлар және жұмыстар ұсынатын мемлекеттік емес заңды тұлғалар, көрсетілген тауарларды, қылмыстар мен қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша өтініштерді осы Заңда белгіленген тәртіппен қарайды.

11-бап. Өтініштерге берілетін жауаптар

1. Өтініштерге берілетін жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мазмұны бойынша негізделген және дәлелді, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде болуға, арыз берушінің қабылданған шешімге шағымдану құқықтарын түсіндіре отырып, оның дәлелін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты деректерді қамтуға тиіс.

2. Қандай да бір талаптар мен өтініштер болмаған кезде өтініштер назарға алынады және оны уәкілетті органның басшысы немесе оның орынбасары іске көшіріп жазады.

12-бап. Өтініштерді қарауды тоқтату

1. Егер қайта жасалған өтініштерде жаңа дәлелдер немесе жаңадан анықталған мән-жайлар келтірілмесе, ал алдыңғы өтініштің материалдарында тексерудің толымды материалдары бар болса және авторларға белгіленген тәртіппен жауаптар берілсе, өтініштерді қарау тоқтатылады.

2. Өтініштерді қарауды тоқтату туралы шешімді уәкілетті органның басшысы немесе оның орынбасары, лауазымды тұлға қабылдауға құқылы.

13-бап. Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге шағымдану

Лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) немесе уәкілетті органдардың шешімдеріне бағыныстылық немесе шешім шығару тәртібімен жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе уәкілетті органға, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше мерзім көзделмесе, жеке немесе заңды тұлғаға іс-әрекет (әрекетсіздік) жасағаны туралы белгілі болған сәттен бастап, бірақ үш айдан кешіктірмей шағым беріледі, бұл ретте арыз беруші Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотқа жүгіну құқығынан айырылмайды.

Жоғары тұрған орган немесе лауазымды тұлға болмаған немесе арыз беруші қабылданған шешіммен келіспеген кезде шағым тікелей сотқа беріледі.

14-бап. Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау

1. Мемлекеттік органдардың бірінші басшылары және олардың орынбасарлары айына кемінде бір рет тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес азаматтарды жеке қабылдауды өткізуге міндетті.

2. Қабылдау белгіленген және жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізілген күндер мен сағаттарда жұмыс орны бойынша өткізілуге тиіс.

3. Егер өтінішті немесе шағымды лауазымды тұлға қабылдау кезінде қанағаттандыра алмаса, олар жазбаша нысанда беріледі және олармен жазбаша өтініштер ретінде жұмыс жүргізіледі.

15-бап. Өтініштерді қарау кезіндегі жеке және заңды тұлғалардың құқықтары

Өтініш берген жеке не заңды тұлғаның:

1) өз өтінішін растау үшін қосымша құжаттар мен материалдар беруге не оларды талап ету туралы сұрауға;

2) өтінішті қараушы тұлғаға дәлелін жеке айтуға;

3) қабылданған шешім туралы жазбаша немесе ауызша нысанда дәлелденген жауап алуға;

4) егер олар өтініштерді қараудың белгіленген тәртібін бұзудың нәтижесі болса, залалды өтеуді талап етуге;

5) лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге жоғары тұрған уәкілетті органға және/немесе жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе сотқа шағымдануға;

6) өтінішті қарауды тоқтату туралы арыз беруге құқылы.

16-бап. Уәкілетті органдардың және лауазымды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

1. Уәкілетті органдар, лауазымды тұлғалар:

1) белгіленген тәртіппен өтініштерді қарау үшін қажетті ақпаратты сұрауға және алуға;

2) жеке және заңды тұлғалардан көрінеу жалған мәліметтерден тұратын хабарламаларды тексеруге байланысты келтірілген шығыстарды сот шешімі бойынша өндіріп алуға құқылы.

2. Уәкілетті органдар мен лауазымды тұлғалар:

1) осы Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардан өтініштер қабылдауға және оларды қарауға;

2) заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

3) қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;
4) жеке және заңды тұлғаларға қабылданған шешімдер туралы жазбаша немесе а у ы з ш а н ы с а н д а х а б а р л а у ғ а ;

5) жеке, соның ішінде заңды тұлғалардың мүдделерін қорғайтын тұлғалардың, олардың отбасы мүшелерін мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және лауазымды тұлғаларға олардың қызметін сынап не құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында өтініш беруге байланысты қудалануына жол бермеуге;

6) шағымдарды іс-әрекеттеріне шағым жасалып отырған лауазымды тұлғалардың қ а р а у ы н а ж і б е р м е у г е ;

7) мәселені объективті шешуге ықылас білдірмейді деп пайымдауға негіз болған адамдарға тексеруді жүктеу жағдайларын болдырмауға;

8) оны берген немесе оның мүддесі үшін өтініш берілген адамға зиян келтіретін жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне рұқсат бермеуге;

9) жеке, соның ішінде заңды тұлғалардың мүддесін қорғайтын тұлғалардың келісімінсіз олардың жеке өмірі туралы мәліметтерді немесе мемлекеттік не заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламауға, сондай-ақ жеке тұлғалардың өтінішке қатысты емес жеке басы туралы деректерді анықтауға рұқсат б е р і л м е й д і ;

10) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, олардағы сыни ескертулерді талдауға және қорытуға, жұмысты жетілдіру әрі жеке және заңды тұлғалардың шағымдануына әкелетін себептерді болдырмау мақсатында қоғамдық пікірді з е р д е л е у г е ;

11) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі жұмыстың жай-күйін ж ү й е л і т ү р д е т е к с е р у г е ;

12) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті орган белгілеген мерзім мен көлемде келіп түскен, қаралған өтініштердің санын және оларды қарау нәтижелері туралы мемлекеттік құқықтық статистикалық ақпарат беруге міндетті

17-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік

Осы Заңның бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тартылады.

18-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. "Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің N 2340 1995 жылғы 19 маусымдағы заң күші бар Жарлығының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Хабаршысы, 1995 ж., N 9-10, 71-бап) күші жойылды деп танылсын.

